

Кіші топқа арналған (2-жастан)

Музыкалық дидактикалық және қимылды ойындар топтамасы.

- №1/1 «Қуыршақтар ұйықтайды және билейді»
- №1/2. Музыкалық дидактикалық ойын. «Күн мен жаңбыр».
- №1/3. «Сылдырмақ» музыкалық дидактикалық ойыны.
- №1/4. «Музыкалық лото» музыкалық дидактикалық ойыны
- №1/5. Музыкалық дидактикалық ойын. "Барабан" ойыны
- №1/6. Музыкалық дидактикалық ойын. "Бәйтерек" ойыны.
- №1/7. Музыкалық дидактикалық ойын. "Кім жылдам қозғалады?" ойыны
- №1/8. Музыкалық дидактикалық ойын. "Күз аруы қайда?" ойыны.
- №1/9. Музыкалық дидактикалық ойын. "Тоқаш неге ұқсайды?"
- №1/10 Музыкалық дидактикалық ойын. "Торғайдың тамағы".
- №1/11. Музыкалық дидактикалық ойын. "Құстардың ұясы" ойыны.
- №1/12 музыкалық дидактикалық ойын. "Марғау анасын қалай тауып алды
- №1/13 Музыкалық дидактикалық ойын. "Көліктерді топта
- №1/14. Музыкалық дидактикалық ойын. "Бауырсақ" музыкалық мюзикл
- №1/15 Музыкалық дидактикалық ойын. «Қояндар».
- №1/16 Музыкалық дидактикалық ойын. «Күн мен бұлт».
- №1/17. Музыкалық дидактикалық ойын. «Ақырын, қатты».
- №1/18. Музыкалық дидактикалық ойын. "Үш гүл".
- №1/19. Музыкалық дидактикалық ойын. "Аяқтармен топ-топ".
- №1/20. Музыкалық дидактикалық ойын. "Шар ұшты!".
- №1/21 «Менің балаларым қайда?» музыкалық дидактикалық ойыны.
- №1/22 «Көңілді жасырынбақ»
- №1/23 «Досыңа бер»
- №1/24 «Ұшақтар»
- №1/25 «Шарды ұста»
- №1/26 « Не қалай жүреді?»
- №1/27 « Музыкалық үйшік»
- №1/28 «Күннің көзі және бұлт»
- №1/29 «Сиқырлы текше»
- №1/30 «Музыкалық қапшық»
- №1/31 «Ұшты-ұшты»
- № 1/32 "Ырғақты қайтала"
- №1/33 «Кім шапшаң»
- №1/34 «Не қалай дыбыстайды?» (Жануарлар дауысы)
- №1/35 «Торғайлар мен автомобиль»
- №1/36. Музыкалық дидактикалық ойын. "Бауырсақтың досы".
- №1/37 «Орныңды тап»
- №1/38 «Үлкен – кішкентай»
- №1/39 "Аяз ата қоржынында не бар
- №1/40 "Сарыала қаздар"
- №1/41 "Қардан не пайда болады?"
- №1/42 "Қыста не жүрмейді?"
- №1/43 "Ақшақар қайда жасырынды?"
- №1/44 «Аңшы мен қояндар»
- №1/45 «Ненің дауысы?» музыкалық дидактикалық ойын (құстар дауысы)
- №1/46 «Анамызға көмек»
- №1/47«Шулы дыбыстар» «Ретті дыбыстар» музыкалық дидактикалық ойын
- №1/48 «Табиғат мінезі» ырғақты массажды ойынМіндеті:
- №1/49 «Бәріміз бірге» қимылды ырғақты ойын
- №1/50 «Қамшы»

№1/1 «Қуыршақтар ұйықтайды және билейді»

Ойын шарты: Ортаға ән-күй жетекшісі

қуыршақты шығарады, қуыршақ балалармен би билейді, егерде қуыршақ ұйықтап қалса балалар қуыршақпен бірге ұйықтап қалады.

№1/2. Музыкалық дидактикалық ойын. «Күн мен жаңбыр».

Мақсаты. Ауызша нұсқаулар бойынша қимылдар жасауды үйрету. Музыка ырғағын сезінуді дамыту.

Балаларға ырғақтары (жылдам, баяу) әртүрлі екі әуен кезекпен естіледі.

№1/3. «Сылдырмақ» музыкалық-дидактикалық ойыны.

мақсат-міндеттер.

Балаларға бірінші, екінші, үшінші мажорлық саты бойынша мына буындарды дауыстап айтуды үйрету: «динь-динь», «дан-дан», «дон-дон».

Керекті құралдар: сылдырмақтар.

Барысы.

Сылдырмақтар ойнайды, сол кезде балалар «динь-динь», «дан-дан», «дон-дон» деп ажырата әндетеді. Көлемі үлкен, дауысы жуан сылдырмақ қозғалса «дондон» дейді.

№1/4. «Музыкалық лото» музыкалық-дидактикалық ойыны.

Мақсат-міндеттер.

Балаларға ноталарды тыңдап, карточкалармен белгілеуді үйрету. Құралдар: бала санына қарай карточкалар. Әр карточкада ноталар тізбегі салынған. Дөңгелектер – ноталар.

Музыкалық аспаптар. (балалайка, металлофон, триола).

Барысы.

Жүргізуші бала бір аспапта жоғары немесе төмен ноталарды ойнайды. Балалар карточкалармен ырғақты орналастырады.

№1/5. Музыкалық дидактикалық ойын. "Барабан" ойыны.

Мақсаты. Музыкалық аспаптарды бір-бірінен ажыратуды үйрету.

Бала санына қарай 3 түрлі бейнеден құралған фишкалар үлестіріледі. Балалар залдағы орындықтарға жайғастырылады.

Педагог:

– Балалар, мен "Бум-бум-бум" дегенде қандай аспап екенін суреттен көрсетесіңдер, жарай ма?



Педагогтің дыбыстауы бойынша балалар қолдарындағы фишкалардан қандай аспап екенін көрсетулері тиіс. Көп жағдайда балалар барабан мен дабылды шатастырып алады.

Сондықтан педагог екі аспаптың айырмашылығын балаларға нақты түсіндіреді.

– Балалар, барабан сылдырмақсыз болады. Қараңдаршы, балалар, барабанды ұрмасақ, ол дыбыс шығармайды, ал дабылды қолмен қозғалтсақ, сылдырмағы сылдырлайды.

Барабанды дұрыс тапқан балалар фишканы өздеріне қалдырады, жиі шатастырған балалардың фишкалары кейін тапсырылады.



№1/6. Музыкалық-дидактикалық ойын. "Бәйтерек" ойыны.

Мақсаты. Отбасы мүшелерінің суреттерін бәйтерекке біріктіруді үйрету.

Бала санына қарай бәйтеректің қиындылары үлестіріледі. Әр қиындыда ата, әже, әке, ана, балалардың суреттері бейнеленген. Балалар залдағы орындықтарға жайғасады. Педагогтің түсіндіруі бойынша балалар қолдарындағы қиындыларды апарып ілулері тиіс.

Педагог:

– Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар? Балалар, бұл бәйтерек. Бұл біротбасының суреті.

– Енді осы бәйтерекке ата, әже, әке, ана, балалардың суретін ілеміз, кәне, менімен бірге бәріміз бірге ілейік! Атадан бастап, балалардан аяқтаймыз.

Жарайсыңдар, балалар!

Балалар қиындыларды апарып ілген сайын педагог қадағалап, арасында балаларды мақтап, бүгін қандай әнмен таныс болғандары туралы сұрайды. Соңында педагог балалардан не пайда болғанын сұрап, пайда болған бәйтеректің мағынасын нақты түсіндіргені жөн.



№1/7. Музыкалық-дидактикалық ойын. "Кім жылдам қозғалады?" ойыны.

Мақсаты. Ойнатылған әннің әуеніне би билеуді үйрету.

Педагог қыз балаларды ортаға шығарады. Қыздар "Айгөлек" әнінің әуеніне сай, жылдам қимылдар жасап, билеу керек екенін түсіндіреді.

Педагог:

– Балалар, қазір қыздар ортаға шығып, әдемі би билеп береді. Сендер шапалақтап отырып, маған қай қыздың әдемі билегенін айтып бересіңдер, келістік пе?

Балалар қолдарын шапалақтап, қыздарды қолдап отырады. Педагог ойын соңында қай қыздың жылдам, әрі әдемі билегенін айтады, мақтайды.

№1/8. Музыкалық-дидактикалық ойын. "Күз аруы қайда?" ойыны.

Мақсаты. Ереже бойынша ойнауды үйрету. Есту, еске сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту. Ойында бала санына қарай Күз аруы және екі Барби қуыршақ бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. Балалар залдағы орындықтарға жайғасады.

Педагог:

– Балалар, мен сендерге "Күз аруы қайда?" деп айтқан кезде қолдарындағы таңбалауыштардан Күз аруын жылдам көрсету керек. Қай бала таңбалауышты жылдам көрсетеді, сол бала жеңген болып есептеледі. Жылдам көрсеткен бала таңбалауышты өзіне қалдырады, жиі шатастырған балалардың таңбалауыштары кейін тапсырылады. Педагог Күз аруын балалармен қоштасқаннан кейін шығарып салады, Күз аруы әкелген себеттегі жемістерді балаларға үлестіреді.

№1/9. Музыкалық-дидактикалық ойын. "Тоқаш неге ұқсайды?"


Мақсаты. Тоқаштың пішініне ұқсайтын заттарды табуды үйрету.

Ойын басталмас бұрын тоқашқа ұқсайтын және ұқсамайтын суреттерді тақтадан көрсетіп, балалардан сол суреттердің ішінен тоқашқа ұқсайтын заттарды атауларын сұрайды.

– Балалар, тоқаш қандай? Домалақ екен. Мына заттардың ішінде тоқашқа ұқсайтын заттар бар ма?

– Кәне, кім көрсетеді? Иә, Марат, келе ғой, көрсетші бізге? Дұрыс, тағы да кім көрсетеді? Жарайсыңдар, балалар!

Ойын 3-4 рет қайталанады.



№1/10 Музыкалық-дидактикалық ойын. "Торғайдың тамағы".

Мақсаты. Заттардың арасынан торғайдың жейтін жемін анықтауды үйрету. Еске сақтау, ойлау, зейін, сөйлеуді дамыту.

Педагог ойын басталмас бұрын үстелдің үстіне тары, кепкен шөп пен гүл, сәбіз, картоп қойып, балалардан солардың ішінен торғайдың жемін тауып көрсетулерін сұрайды.

Педагог:

– Балалар, бәріміз бірге торғайдың жемін тауып берейікші! Торғайдың қарны ашып, жемін таба алмай жүр екен.

Балалар таба алмаған жағдайда педагог өзі көмектесіп жібереді.

№1/11. Музыкалық-дидактикалық ойын. "Құстардың ұясы" ойыны.

Мақсаты. Ереже бойынша ойнауды үйрету. Қимыл жылдамдығын дамыту.



Педагог құрсауды тізіп қояды.

– Балалар, барлығымыз құстарға ұқсап қанаттарымызды жазайық. – Қазір мен сендерге әдемі әуен қосамын сендер сол әуен тоқтап қалғанда құрсаудың ішіне құстардың ұясына тығылып қалғандай құрсаудың үстіне тұра қалу керексіңдер, қазір ойынды бастаймыз.

№1/12 Музыкалық-дидактикалық ойын. "Марғау анасын қалай тауып алды?".

Ойынның мақсаты: балалардың әртістік, шығармашылық қабілеттерін дамыту; эмоционалдық мінезін тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Марғау анасынан адасып қалады. Марғау анасын іздеп жолға шығады.

Келе жатып, әтешті көреді:

-Сен менің анамсың ба? - деп сұрайды.

Әтеш:

– Ку-ка-ре-ку. Мен сенің анаң емеспін, дейді.

Марғау ешкіге келеді:

– Сен менің анамсың ба? - деп сұрайды.

Ешкі:

– Ме-ме-ме. Мен сенің анаң емеспін, дейді.

Марғау сиырға келеді:

– Сен менің анамсың ба?- деп сұрайды.Сиыр:

– Мө-мө-мө. Мен сенің анаң емеспін, дейді.

Марғау анасын таба алмай, мұңайып келе жатқанда

Мияу-мияу... деген дауысты естіді. Марғау қуанып, міне, менің анам деп анасынқұшақтады.



№1/13 Музыкалық-дидактикалық ойын. "Көліктерді топта".

Мақсаты. Көліктердің шығаратын дыбыстарын ажыратуды үйрету. Музыкалық жетекші балалармен "Көліктерді топта" дидактикалық ойынын өткізеді. Ойын кезінде музыкалық жетекші бірнеше көлік түрін дайындап, соны қайтадан музыка әуені біткенше жер, ауа, су көлік түрлерін балалармен бірге топтаулары тиіс. Қай көліктің қалай дыбыстайтынын да анықтауға болады. Ол үшін балаларды орындықтарға отырғызып, таспадан пойыз, машина, ұшақ, трактордың дыбысын кезекпен қойып, қандай көліктің дыбысы екенін сұрайды. Музыкалық жетекші мақтауды жиі қолданады.

№1/14. Музыкалық-дидактикалық ойын. "Бауырсақ" музыкалық мюзикл.

Мақсаты. Кейіпкердің дыбысын әндетіп шығаруды үйрету.

– Балалар, қазір біз бәріміз әндетіп жүріп, "Бауырсақ" музыкалық мюзиклінөткіземіз. Ол үшін музыка ойнағанда сипатына қарап, әндетуіміз керек. – Егер, бауырсақ музыка әуенімен домалап келе жатқанда алдынан қоян шықса, менімен бірге жіңішке дауыста әндетеміз, егер, аю шықса, жуан дауыспен әндетеміз.

– Кәне, балалар, ертегімен бірге қосылып, әндетіп, ойнаймыз.

Ойын кезінде музыка жетекшісі ертегі кейіпкерлерінің суреттерін дайындап, тақтадан балаларға көрсетіп отырады.

-Балалар, тақтаға қай кейіпкер шығады, сол кейіпкер мазмұнына сай, әндетеді.



Ойын 2 рет қайталанады.



№1/15 Музыкалық-дидактикалық ойын. «Қояндар».

Ойынның мақсаты: Балаларды музыканың көңілді, көңілсіз, баяу түрлерін ажырата білуге баулу.



Ойынның барысы:



Музыка жетекшісі балаларға:

– Бір үйде қояндар өмір сүріпті.

Олар сондай көңілді қояндар болыпты. Қояндар көңіл көтеріп билегенді жақсы көріпті.

Ал қояндар шаршағанда жатып ұйықтайды екен. Аналары болса балаларына бесік жырын айтып береді екен.

Әрі қарай музыка жетекшісі балалардан сурет бойынша қояндардың не істеп жатқанын айтып беруді және музыканы тыңдап қимылдарымен көрсетуді сұрайды.



№1/16 Музыкалық-дидактикалық ойын. «Күн мен бұлт».

Мақсаты: Балалардың есту, тыңдау қабілеттерін дамыту. Әр – түрлі сипаттағы әуендерді ажырату қабілеттерін дамыту. (көңілді, қуанышты, мұңды, көңілсіз). Ойын барысы: Үш карточка бірінші карточкада жарқырап тұрған күннің көзінің суреті, екінші карточкада бұлт басқан күннің көзінің суреті, үшінші карточкада жаңбыр мен бұлттың суреті

Ойынға қатысушылар, ойын құралының санына байланысты алынады. Балаларға карточкалар таратылып, Үш түрлі музыкалық шығарма тыңдауды ұсынады. Балалар бос шаршыларды әуеннің көңіл күйіне байланысты, суреті бар карточкалармен жабады. Әр сурет әуеннің көңіл күйіне байланысты.



№1/17. Музыкалық-дидактикалық ойын. «Ақырын, қатты».

Мақсаты: Тембрлік есту қабілеттерін дамыту.

Ойын барысы: Балаларға бір түсті бірақ әр түрлі реңктегі карточка жаймалары беріледі.

Балаларға: Көгілдір – ақырын музыка, қара көк – қатты музыка, көк – орташа.

Әрі қарай музыка жетекшісі әнді ақырын, қатты жіне орташа орындайды. Балалар музыканы тыңдай отырып қолдарындағы фишкаларымен карточкаларды

№1/18. Музыкалық-дидактикалық ойын. "Үш гүл".

Әуеннің көңіл күйін ажыратып білу қабілетін дамытуға арналған дидактикалық ойын.



1

Гүлдердің орына үш күннің көзін немесе үш бұлтты істеп алуға болады.

Ойын шарты:

1. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды. Бір бала шығып әуеннің көңіл күйіне сай гүлді алып шығады.

2. Әр баланың алдында үш гүл жатады. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды да балалар әуеннің көңіл күйін ажыратып әуенге сай гүлді алып шығады.

№1/19. Музыкалық-дидактикалық ойын. "Аяқтармен топ-топ".

Музыкалық-ырғақты қимылдар

Музыка жетекшісі:

- Балалар, өткен оқу қызметінде біз көңілді музыкалық-ырғақты қимылдарды орындадық. Бүгін де қайталайық.
- Кәнекей назарларыңды тақтаға аударыңдар. Не көріп тұрсыңдар? Дұрыс, билеп жүрген балаларды. Солармен бірге қайталайық.
- Аяқпенен топ – топ – топ, (аяқтарын топылдатады)
- Алақанмен хлоп – хлоп – хлоп. (қол соғады)
- Бір оңға, бір солға, (оңға және солға бұрылады)
- Айналайық кел мұнда. (айналады)
- Қолымызды бір сілтеп, (қолдарын көтеріп сермейді)
- Басымызды шайқайық. (бастарымен шайқайды)
- Бір оңға, бір солға (оңға және солға бұрылады)
- Ойнайықшы кел мұнда. (айналады)
- Секіреміз жоғары, (секіреді) - Қиын емес секіру.
- Бір оңға, бір солға (оңға және солға бұрылады)
- Секірейік кел мұнда. (секіреді)



№1/20. Музыкалық-дидактикалық ойын. "Шар ұшты!".

Ойынның мақсаты: балаларды әуен ырғағымен шеңбер жасап тұруға үйрету.

Ойынның көрнекілігі: ұнтаспа, шарлар

Ойынның барысы: Балалар шеңбер жасап шардың үлкендігін, пішінін көрсетеді. «Шар үрлейміз!» - деген белгіге балалар ортаға жиналып, аузымен үрлей отырып, шеңбер құрастырады. «Шар ұшты!» - дегенде музыка ырғағымен шеңбер жасап айналады. Дабыл соғылғанда балалар шардан қолдарын босатып жібереді. Осы шартты орындай алмаған бала ән немесе тақпақ айтып, би билейді.

№1/21 «Менің балаларым қайда?» музыкалық-дидактикалық ойыны.

Мақсат-міндеттер.

Балаларға үйрек қаз, тауық және басқа құстар мен олардың балапандарын суреттеріне қарап ажыратуды үйрету.

Құралдар: төрт үлкен үлестірімелі қағаз бен бірнеше кішкентай үлестірімелі қағаз. Үлкен қағаздарда: қаз, үйрек, тауық, басқа құс бейнеленген. Ал кішкентайларында үйректің балапандары, тауықтың балапандары, ұядағы балапандар бейнеленген.

Барысы.

Балалар музыкалық жетекшіге қарама-қарсы жаққа жартылай шеңбер құрып отырады.

Музыкалық жетекші: «Бір аулада тауық пен балапандары, үйрек пен балапандары және қаз бен оның балапандары болыпты. Ал ағаштың үстіне бір құс ұя салыпты. Бір күні қатты жел соғып, жаңбыр жауыпты. Барлығы қорқып тығылып қалыпты. Құс аналар өздерінің балапандарын жоғалтып алыпты. Бірінші болып өз балапандарын үйрек шақыра бастайды. (тәрбиеші үйректің суретін көрсетеді): «Менің балапандарым қайда? Кря-кря!» - дейді». Үйректің суреті бар балалар тұрады да жауап береді: «Кря-кря! Біз осындамыз!» - деп әндетеді.

Музыкалық жетекші балалардан үлестірімелі қағаздарды жинап алады да әңгімелеуді жалғастырады: «Балапандарының дауыстарын естіген үйрек қуанып кетеді, ол балапандарының қасына барады. Сол кезде тауық шығып өз балапандарын шақырады: «Менің балапандарым қайда екен, ко-ко-ко!» - дейді.

Ойын осылай жалғасады.

Музыкалық қимылды ойындар

№1/22 «Көңілді жасырынбақ»

Ойын шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады, қолдарында орамал. Қуыршақ шеңбердің ортасында. Музыка сүйемелдеуімен барлық балалар қуыршақпен би билейді. Музыка аяқталғаннан соң балалар орамалдың артына тығылады, ал

куыршақ балаларды іздейді. Келесіде үйшіктен петрушка шығып балаларды биге үйретіп, өзі де бірге билейді

№1/23 «Досыңа бер»

Мақсаты: Достыққа, шапшаңдылыққа баулу. Көрнекіліктер: аспап, сылдырмақ.

Шарты: Шеңберде тұрған балалар шеңбер бойымен бір-біріне сылдырмақты береді. Музыка әуені тоқтағанда сылдырмақ қай баланың қолында қалса, сол бала ойыннан шығады.

№1/24 «Ұшақтар»

Ойын шарты: Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, жетекші өзі ұшақ болып көрсетеді. «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Ойын жалғасады.

№1/25 «Шарды ұста»

Ойын шарты: Жетекші ортаға көп үрленген шарларды жайып тастайды. Ойын басталды деген кезде балалар шарды ұстап жетекшіге береді. Кім көп шар жинаса сол бала жеңімпаз атанады, 10-15 сек. Ойын жалғасады.

№1/26 « Не қалай жүреді?»

Ойын шарты: Ән-күй жетекшісі күйсандықта балаларға әр-түрлі жануарлар характеріне сай, әуенді ойнайды балалар әуенді тындап, әуенге сай қимыл-қозғалысты орындаулары керек.

№1/27 « Музыкалық үйшік»

Ойын шарты: Педагог үйшікті көрсетіп, онда әртүрлі аспапта ойнайтын музыканттар тұратынын айтады. Педагог жабылғыштың артында тұрып музыкалық аспапта ойнап әндетеді. Аспан үнін таныған бала аспаптардың суреті бар карточканың сәйкесін алып, үйдің бір бос әйнегін жабады. Осылайша барлық терезелер қалың жабылуы керек.

№1/28 «Күннің көзі және бұлт»

Ойын шарты: Балалар пьесаны тыңдайды. Пьесаның мазмұны көңілді болса - күннің көзін шығарады, көңілсіз болса - бұлтты, ал жәйғана орташа болса - күннің көзімен бұлт арласқан карточканы шығарады. Балалар жауаптың дұрыстығын өздері бағалайды.

№1/29 «Сиқырлы текше»

Ойын шарты: Көңілді қиын емес әуен ойналады. Педагог және балалар шеңберге тұрады. Текшені бір біріне қолдарына беріп, тақпақ айтады.

- Алма кепті домалап,
- Көше бойын аралап.
- Кім алманы табады,
- Сол ойыннан шығады.

Қай баланың қолында текше қалып қойса, сол бала текшені ортаға лақтырады. Педагог текшеде қандай сурет екенін балалардан сұрайды. Балалар жауап береді. Егер текшеде мысықтың суреті болса, педагог ол балаға мысықтың қалай амандасатын көрсетуін сұрайды.

№1/30 «Музыкалық қапшық»

Ойын шарты: Ән-күй жетекшісі балаларға музыкалық қапшықты алып келеді. Ол қапшықтың ішінде музыкалық аспаптар, ән-күй жетекшісі сол аспаптарда кезек-кезек ойнап балаларға үндерін естіртеді, ал балалар қандай аспаптың үні екенін ойлап табулары керек.

№1/31 «Ұшты-ұшты»

Ойын шарты: *Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, жетекші өзі ұшақ болып көрсетеді. «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Ойын жалғасады.*

№ 1/32 "Бірғақты қайтала"

Дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: аспапты тембірлік үнінен тануға үйрету. Ойынның көрнекілігі: сылдырауық, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағашқасықтар. Ойынның шарты: екі бала бір-біріне арқасымен тұрады. Алдарында бірдей аспаптар қойылады. Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапта ойнайды, екінші бала дәл сол аспапта ырғақты қайталайды. Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар шапалақтайды. Жақсы ойнаған балаларға таңбалауыштар табысетіледі

№1/33 «Кім шапшаң»

Ойын шарты: *Балалар жерде жатқан доптарды жинап себетке салуы тиіс. Допты себетке көп салған бала, жеңіске жетеді*

№1/34 «Не қалай дыбыстайды?» (Жануарлар дауысы)

Міндеті: Дауыс жаттығуын айтуға даярлау. Дыбыстарды таза айтуға қалыптастыру.

Ал енді үй жануарларының дыбыстарын салып, ойнап көрейік. Сиыр мөңіреді.

Сиыр : муу-муу-муу-муу

Жылқы кісінейді.

Жылқы: ииоо-иооо-иооо

Түйе боздайды

Түйе: бооо-бооо-ОО

Қой, ешкі маңырайды.

Қой, ешкі: Мэээээ-мэээээ

Ит үреді

Ит: аф-аф-аф-аф

Мысық мияулайды.

Мысық: мияу-мияу-мияу

№1/35 «Торғайлар мен автомобиль»

Мақсаты: *Балаларды түрлі көлік түрлерімен*

таныстыра отыра табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Топ алдын ала екіге бөлінеді біреуі торғайлар екіншісі машиналар болып бейнелейді. Музыкамен торғайлар мен машиналар

залды айналып жүреді, музыка сөнген бойда торғайлар алдын ала дайындалған бұталарына қонады ал машиналар өз орындарын шапшаң табулары тиіс

№1/36. Музыкалық-дидактикалық ойын. "Бауырсақтың досы".

Мақсаты. Кейіпкердің дыбысын әндетіп шығаруды үйрету.

– Балалар, қазір біз бәріміз әндетіп жүріп, "Бауырсақ" музыкалық мюзиклін өткіземіз. Ол үшін музыка ойнағанда сипатына қарап, әндетуіміз керек. – Егер, бауырсақ музыка әуенімен домалап келе жатқанда алдынан қоян шықса, менімен бірге жіңішке дауыста әндетеміз, егер, аю шықса, жуан дауыспен әндетеміз.

– Кәне, балалар, ертегімен бірге қосылып, әндетіп, ойнаймыз.

Ойын кезінде музыка жетекшісі ертегі кейіпкерлерінің суреттерін дайындап, тақтадан балаларға көрсетіп отырады. Балалар, тақтаға қай кейіпкер шығады, сол кейіпкер мазмұнына сай, әндетеді. Ойын 2 рет қайталанады.



№1/37 «Орныңды тап»

Ойын шарты: Балалар айнала дөңгеленіп, екі- екіден бірінің артына бірі тұрады. Екі ойыншы жүгіріп, бір-бірін қуалайды. Біреуі екі адамның алдына келіп тұра қалуы керек. Осы кезде арттатұрған ала жүгіреді. Қуып жүрген бала ұстап алса, өзі қашады. Осылай ойын жалғаса береді.

№1/38 «Үлкен – кішкентай» музыкалық-дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларға ұзақ және қысқа дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыканың ырғағын сезіне білуге баулу. Ойынның барысы: музыкалық жетекші балаларға әуенді тыңдата отырып, жолда кімнің келе жатқанын және сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады. Ауыр жүріс болса, яғни, үлкен адамның жүрісін ұзақ шапалақтау арқылы, баланың жеңіл жүрісін қысқа ғана шапалақтау арқылы ажыратып көрсету керектігін айтады

№1/39 "Аяз ата қоржынында не бар?" дидактикалық ойынын. Ойын кезінде Аяз атаның қоржынына балалардың танымдық ой-өрісін кеңейтетін заттарды салып қояды. Ортаға бір баладан шақырып, қоржындағы затты қолмен алғызады, қандай зат екенін сұрайды. Заттың атын білген балада сол сыйлық қалдырылады. Заттарды ертегілер кейіпкерлерінен алуға да болады. Барлық бала бір ойыншықтан алғанға дейін ойын қайталанады.

№1/40 "Сарыала қаздар" ойыны.

Педагог балаларды шенбер бойынша отырғызып: – Балалар, "Сарыала қаздар" ойынын өткен оқу қызметінде ойнағанбыз. Сендерге ұнады ма? Олай болса, тағы естеріңе сала кетейін. Мен бірнеше құстардың атын атағанда орындарында тұрып, қолдарыңды жәй қанат сияқты сермеп тұрасыңдар, "Сарыала қаздар" дегенде қолдарыңмен қанат қағып, қаздар сияқты жүресіңдер. Педагог балаларға түсінікті болуы үшін балаларды жаттықтыра отырып, тағы да түсіндіреді. "Сарыала қаздардың" аты аталғанда қолдарымен қанат қағу керектігін, қаздар сияқты жүру керектігін айтады. Балалардың барлығы бірдей қанат қағу, шапалақтау қимылдарын жасау қажеттілігі ескертіледі. Алдымен педагог өзі бастап қаздардың қалай қанат қағып, қалай жүретіндерін көрсетеді.

№1/41 "Қардан не пайда болады?" дидактикалық ойынын өткізеді. Ойын алдында музыка жетекшісі балалардың бәріне түйіршіктелген қары бар стақан береді. Музыка жетекшісі: – Балалар, қолдарыңдағы қар салынған стақанды бақылап отырыңдаршы, қар неге айналады екен, кім бірінші болып байқайды маған келіп айтыңдар. Стақандағы қар суға айналған кезде музыка жетекшісі жауабы дайын балалардан сұрайды. Дұрыс жауап берген балалар мақтау естиді.

№1/42 "Қыста не жүрмейді?" ойынында музыка жетекшісі балалардың бәрінің назарын интербелсенді тақтаға аударып, балалар, қазір мен сендерге бірнеше зат (шана, велосипед, ролик, машина) көрсетемін, сендер солардың ішінен қыста жүрмейтіндерін тауып, айтуларың қажет – дейді.

Музыка жетекшісі интербелсенді тақтаны қосып, жүретін заттарды көрсетіп, балаларға мұқият қарап алуға уақыт береді. Уақыт келгенде балалардан сұрап қыста жүрмейтін заттарды анықтап алады, дұрыс жауап берген балалар марапатталады.

№1/43 "Ақшақар қайда жасырынды?" дидактикалық ойыны. – Балалар, еденде көп суреттер жатыр. Сол суреттердің ішінен жасырынып жатқан Ақшақары бар суреттерді табуларың керек. Кім тез табады, сол бала жеңімпаз болады. Кәне, кім шығады? Егер балалар ұзақ іздейтін болса, педагог Ақшақардың қандай суреттің ішінде жасырынып жатқанын тез табуы үшін заттардың бір-екеуінің атын айтады. Жақсы ойнаған балаларға ақшақар бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.

№1/44 «Аңшы мен қояндар»

Ойын шарты: Бір - бір сәбіз ұстаған қояндар музыкамен жерге жатып аунап, аяқтарын тыпырлатып немесе би қимылдарын жасап секіреді. Сәбіз ұрлап жатқан қояндарды аңшы көріп қалып. Пух! "Пух" - деп атады. Қояндар орындарынан тұрып, жан - жаққа қашады. Музыка тоқтағанда тырп етпей отыра, не жата қалады. Қозғалған қоян айыпты болып, ән немесе би билейді.

№1/45 «Ненің дауысы?» музыкалық дидактикалық ойын (құстар дауысы)

Міндеті: Дауыс жаттығуын айтуға даярлау. Дыбыстарды таза айтуға қалыптастыру. Қандай құстың дауысы

тыңдаймыз, сұраймыз, қайталаймыз

Балапан: шиқ-шиқ-шиқ, ши-шиқ-шиқ.

Тыңдаймыз, қайталаймыз. Тауық: қо-қо-қо-қо-қо-қо.

Қораз: ку-ка-ре-ку-ку, ку-ка-ре-ку-ку.

Үйрек: кря-кря-кря-кря

Үкінің дауысы у-у-у-у-у Торғай:

шықылық-шықылық-Қыран:

қику-қику

Тырна : тырау-тырау Қарға:

қарқ-қарқ-қарқ

Көкек: ку-кук, ку-кук, ку-кук.

Түйетауық: құлқұлқұлқұлы

Балалар қалауы бойынша

ойынды 2-3 рет қайталауға

болады.

№1/46 «Анамызға көмек»

Міндеті: Ойын, музыка және би импровизацияларын қолданып, балалардың көркем бейнені жасауында орындаушылық

дағдыларын қалыптастыру. Оң эмоционалдық көңіл-күйін қалыптастыру

Бірге:

Бұрыламыз оң жаққа

Міне –оң қолымыз

Бұрыламыз сол жаққа

Міне сол қолымыз.

Муз: Не істейді бұл қолдар? (Қолын жайып сұрау) Бәрі: Анамызға көмек,

Ептеп-ептеп, ептеп. (Балалар қолын шапалақтап тұрады)

Анамызға көмек,

Ептеп, ептеп, ептеп

Муз: Ол қандай көмек?) (Сұрайды) Балалар: Көйлек кисек

өзіміз, (етегін ұстап билеу) Мұның өзі көмек.

Бау байласақ өзіміз (Екі аяғының ұшын кезек –кезек көрсетіп билеу) Мұның өзі көмек

Жыламасақ таңертең, (Көзін уқалау) Мұның өзін көмек,

Ауырмасақ ешқашан (Екі қолын көтеріп, күшін көрсету) Мұның

өзі көмек.

ИА! (Бас бармақтарын көрсетіп, қуанады)

Балаларға бірнеше рет қайталау арқылы қысқа буынды сөздерін

жаттауға, қимыл қозғалыстарын арқылы шығармашылық дағдыларын нығайту

№1/47 «Шулы дыбыстар» «Ретті дыбыстар» музыкалық дидактикалық

ойын Міндеті: Музыкалық дыбыстардан бөлек шулы дыбыстар бар екендігі жөнінде түсінік беру, дыбыстардың ерекшелігін байқай білуге дағдыландыру.

Шарты: Әндегі әрбір айтылған сөздерге сәйкес қимылдар жасап, музыканың бейнелік сипатын келтіреміз..

Қатты желдің шуылы –шшшшшш

Машинаның зуылы—жжжжжж

Құстардың да қиқуы- қиқ-қиқ-қиқ

Мысықтардың мияуы –мияу-мияу-мияу

Иттердің де үргені-аф-аф-аф

Допты ұрып жүргенің-тарс-тарс-тарс
Естіп бәрін жүреміз
Құлағымыз түрулі
Мұны керек білуің
Шулы дыбыс бәрі де

№1/48 «Табиғат мінезі» ырғақты массажды ойынМіндеті:

Қимыл тәжірибелерін байыту және психикалық қабілеттерін дамыту, оң эмоционалдық көңіл-күйін қалыптастыруға ықпал етуарқылы музыка сүйемелдеуі мен физикалық дағдыларды жәнешығармашылық дағдыларды қалыптастыру. Әр баланың қимыл-қозғалыс біліктерін көрсете білуге жағдай жасау.

Шарты: Әдемі әуенмен бәріміз орнымыздан тұрамыз. еңбер бойымен бір-біріміздің артымызда қатарласып тұрамыз.Мұғалім сұрақ қояды: Табиғаттың мінезі қандай?

Ауа райының құбылуын қалай байқай аласыздар?Балалар

жауабы: Олай болса біз қазір осы әуен ырғағымен табиғаттағы ауа райының өзгерулерін өз денемізде байқап көреміз.Мұғалім тізбекте тұрған балдардың , жарты шеңбердің ең соңында тұру керек. Өйткені барлықырғақты массажды соңғы балаға , арқасына салады. Ол алдындағы балаға, осылайша әрқайсысы өз алдындағы балаға жасайды. Сонымен бастаймыз.

1. Күн ашық. Екі қолдың сұқ саусағымен арқасына күннің дөңгелек пішішін жасаймыз. Оның шуақтарын жасау арқылы массаж жасау.

2. Аспаннан бұлттар жиналды.Екі жауырын қақпағын айналдыра басбармақ пенг сұқ саусақ арқылы сызып, айналдыру.

1. Жел тұрды.Арқаны алақанмен әрі-берлі ысқылау.

2. Жаңбыр себелеп құя бастады.Арқаға екі қол саусақтарымен жеңілұру арқылы тамшыларды бейнелеу.

3. Найзағай ойнады.Қолдың қырымен жауырын қақпағын, арқаныұрғылау,

4. Күн суып, бұршақ төпеледі.Жұдырықпен жеңіл айналдырып шығу.

5. Жел тынышталып,күн ашылды,кемпірқосақ көтерілді,белден жоғары қарай жеокеге дейін алақанның қырымен ысқылап шығу.

6. Торғайлар жерге түсіп дән шоқи бастады. Арқадағы теріні жеңіл шымшылап,бұлшық еттерді көтеру.

7. Тұзу тұрып,қолды көтеріп, жапырақ жайған ағаштай тербелеміз.

8. Қол шапалақтау.

№1/49 «Бәріміз бірге» қимылды ырғақты ойын

Міндеті: Музыка ырғағымен бәрі бірге қимылдарды жасай білуге, оң –сол, жоғары – төмен бағыттарын бағдар жасай білуге үйрету.

Шарты: Әндегі әрбір айтылған сөздерге сәйкес қимылдар жасап, музыканыңбейнелік сипатын келтіреміз.

Бәріміз бірге тұрамыз.

Қолды жоғары созамыз.

Оң жаққа, сол жаққа

Тербелеміз.

Бәріміз бірге отырамыз.

Қолымыз алға -созамыз,

Жоғары, төменге

Қозғаламыз

Бәріміз бірге тұрамыз

Алақанды соғамыз Оң

жаққа, сол жаққа Соғамыз.

№1/50 «Қамшы»

Ойын шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады, ортаға бір ойыншы шығады, қолында қамшы, музыка сүйемелдеуімен шеңбердің ішінде секіріп жүгіреді, музыка тоқтаған кезде ортадағы ойыншы тоқтап қамшыны екі баланың ортасына қояды, екі бала екі жаққа жүгіріп тез келіп қамшыны алулары керек. Кім тез және жылдам келіп қамшыны алады сол бала ойынды жалғастырады.